

МРНТИ 821.512.122

Сұлтанова Б. М. <sup>1</sup>

<sup>1</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

### Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «АБЫЛАЙ ХАН» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ ЛИРИЗМ ЖӘНЕ ОБРАЗДАРДЫҢ ИДЕНТИФИКАЦИЯСЫ

*Аңдатпа*

Ә. Кекілбаев прозасы қақтығыстардың өткірлігі, кейіпкердің жеке басына тән сөйлеу сипатымен ерекшеленеді. Жазушы пьесада прозасына тән осы сипаттарды күшейтпесе бір мысқал түсірмейді. Пьесадағы драмалық өнердің заңдылықтарына сәйкес психологиялық-драмалық аспект күшейтілді. Адамдардың сезімдерінде, ойларында, іс-әрекетіндегі бұлқыныс, тағат таптырмас динамика - «Абылай хан» пьесасындағы басты мәселе. Мақалада белгілі жазушы Әбіш Кекілбаевтың драмалық шығармасындағы тартыс, қақтығыс табиғаты талданады. Сонымен қатар мақалада қазақ әдебиеті үшін шешуші түйін болып табылатын мәселелер қарастырылған. Кейіпкерлер болмысы, олардың қайраткерлігі шешім қабылдаудағы ерекшелігі мәселелері қозғалған. Драматургтің образдар жасаудағы өзіндік ерекшеліктері мен тәжірибелері қамтылған. Ә.Кекілбаевтың пьесаларында авторлық ұстаным ашық және айқын көрінбейді. Ол шығарма мазмұнынан аңғарылады. Мақала авторы тартысты, қақтығысты жағдаяттарды жазушы шеберлігі тұрғысынан суреттеу тәсілдеріне талдаулар жасайды.

**Түйін сөздер:** драматургия, қақтығыс, тартыс, акт, сцена, образдар, жанр, диалог, монолог, сценалық әрекет

*Sultanova B. <sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Kazakh National Women's Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

### LYRISM AND IDENTIFICATION OF IMAGES IN THE PLAY OF A. KEKILBAEV «ABYLAI KHAN»

*Abstract*

A. Kekilbaev's prose is distinguished by the severity of the conflict, the nature of the character's speech. The writer did not diminish these features in the play, if he did not enhance them. In the play, the psychological and dramatic aspect is enhanced according to the laws of dramatic art. The main problem in the play "Abylai Khan" is confusion in feelings, thoughts, actions of people, irresistible dynamics. The article examines the nature of the conflict in the dramatic works of the writer A. Kekilbaev. This article discusses issues that are key to Kazakh literature. The life of the heroes, their composure, features in decision making and their activities are disclosed. In addition, the peculiar similarity and difference of playwrights in creating images has been updated. The author analyzes images of conflict situations from the point of view of the artist's skill.

**Keywords:** dramaturgy, conflict, genre, act, stage, stage action, dialogue, monologue, hero

*Сұлтанова Б. М. <sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Казахский Национальный женский педагогический университет,  
Алматы, Казахстан

### ЛИРИЗМ И ИДЕНТИФИКАЦИЯ ОБРАЗОВ В ПЬЕСЕ А.КЕКИЛЬБАЕВА «АБЫЛАЙ ХАН»

*Аннотация*

Проза А.Кекилбаева отличается остротой конфликтности, характером речи персонажа. Писатель не уменьшал эти черты в пьесе, если не усиливал их. В спектакле психологический и драматический аспект усилен по законам драматического искусства. Основная проблема в спектакле «Абылай-хан» – смятение в чувствах, мыслях, поступках людей, непреодолимая динамика. В данной статье рассматривается природа конфликта в драматических произведениях писателя Абиша Кекилбаева. В пьесах А.Кекилбаева, авторская позиция не проявляется отчетливо. Она заложена в произведениях в их содержании. В статье особое внимание уделяется ключевым вопросам казахской литературы. Раскрыты быт героев, их самообладание, особенности в принятии решений. Актуальность статьи – своеобразие сходства и различия образов созданных драматургами. В данной работе, автор анализирует изображение конфликтных ситуаций и мастерство художника.

**Ключевые слова:** драматургия, конфликт, жанр, акт, сцена, сценического действия, диалог, монолог, героя

**Кіріспе.** Ұсынылған еңбек академик-жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» халықтық-қаһармандық драмалық дастанын зерттеуге арналған. Онда пьесаның драмалық сюжеті, поэтикасының өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығы қазақ әдебиеттануында, әдебиет тарихында жеткілікті қарастырылды. XX ғасырдың 60 жылдарынан бергі зерттеулер мен сындарда жазушының шығармашылық мұрасы жан-жақты қарастырылды деуге болады. Жазушы бұл шығармасында драматург ретінде қазіргі заманғы драматургияның шығармашылық формалары мен әдістерін шебер қолданады.

**Әдістеме.** Мақаланы жазу барысында әдеби талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыра зерттеу, тарихисалыстырмалы әдістер қолданылды.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Жазушы Әбіш Кекілбаевтың – аса терең қамтыған саласы қазақ елінің тарихына арналған еңбектері. Бұл орайда «Ә.Кекілбаевтың тарихи тұлғаларға арналған еңбектерін негізінен екіге бөліп қараймыз: Бірінші, әдеби-көркем шығармалардағы тарихи тұлғалар (Абыл, Сүйінғара, Бекет ата, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Әбілқайыр хан, Абылай, т.б.). Екінші, ғылыми зерттеулерінде қамтылған тарихи тұлғалар. Олар негізінен: Қарабура, Шотан батыр, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әбілқайыр, Барақ сұлтан...» [1]. «Абылай хан» халықтық-қаһармандық драмалық дастаны атынан көрініп тұрғандай, ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломат, қазақ тарихындағы ең даңқты хан Абылай туралы.

Пьеса 1998 жылы М.Әуезов атындағы Ұлттық академиялық драма театрында, 2015 жылы, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Ақтау қаласындағы Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драматеатрында, одан кейін Көкшетау, Петропавл облыстық театрларында табысты қойылды.

Пьесажазушының драмалық әдістерінің, поэтикасының барлық ерекшеліктерін айқындайды. Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» халықтық-қаһармандық драмалық дастанымазмұны, тартысты беру тәсілдері, сценалық әрекеттерді дамытуы және кейіпкерлерді индивидуализациялауы жағынан жазушы шығармашылығының негізін құрайтын прозалық шығармаларынан әсте кем түспейді. Әсіресе кейіпкерлер тілінің көркемдігі айрықша. Ә.Кекілбаев кейіпкерлердің психологиялық күйі мен іс-әрекеті арқылы олардың сілкінуіне не себеп болғанын көрсетеді. Кейіпкерлер тілінің мазмұны нақты, құрылымы қысқа. Кейіпкерлер диалогы драмалық әрекет пен астарлы терең ойға аса бай. Мысалы,

*Тақты қисаң – істі қи,  
Тәжді қисаң – сөзді қи,  
Дарқан кезде – тең сұра,  
Қиын кезде – жөн сұра,*

Немесе,

*Айыпты десең тағыңды ал,  
Жазалы десең – жанымды ал» [2, 259].*

Немесе,

*Тақ бере алған көп*

*Дат та бере алатын шығар. [2, 255].*

Немесе,

*Е, жау қайтарып ем – көрмедің,  
Дау тойтарып ем – білмедің.  
Ханын қинаған қара оңбайды,  
Хан қисайса – ел оңбайды.  
Халық қадірін білмесе,  
Хан тартпақшы жазасын,  
Хан қадірін білмесе,  
Халық тартпақшы сазасын.  
Пайымдасақ, жсұртым, айтқанды.[2, 257].*

Әр ситуацияда, қақтығыста көрінетін кейіпкерлердің әрқилы сезімі сценалардағы оқиғаларды дамытып, ерекше күймен ерекшелендіріп тұрады. Прозаға қарағанда пьесада сөзде жойқын энергия болады. Пьеса түсіндіруді, баяндауды көтермейді. Әрекет үстінде кейіпкердің психологиялық жай-күйі, мақсаты, ой-пиғылы сюжетті одан әрі дамытып отырады, жағдайды шапшаң өзгертіп отырады, жалпы әркөріністен көрініске, актіден актіге ауысқан сайын ахуалды асқындырып, ширықтырып, ұшындырып отырады. Ең бастысы қақтығысты күшейтіп өршітумен болады. Драматург Ә.Кекілбаев «Абылай хан» драмалықдастанында драматургия заңдылығына сәйкес қазақтың тұтас бір дәуіріндегі замана шындығын көрсететін, тарихи оқиғалардың елеулілерін екшеп, кезең шындығын бере білген. Пьесада негізгі сценалық құрал – драматизм, шекспиризм. Сондай-ақ көп, терең мағыналы аз сөз, яғни лаконизм. Автор көрерменге жағдайды түсіндіретін дайынды бере салмайды.

Ә.Кекілбаев пьесасында суреттелетін оқиғаға автор қатынасын білдіретін ерекше ахуал, бояу, реңк бар. Бұл идеяны беру тәсілі емес, М.Әуезов, Б.Майлин, Ж.Аймауытовтың ұлы дәстүрін жалғастырушылық. Белгілі ғалым С.Қирабаевтың пікірімен айтқанда: «Қазақтың ұлттық драматургиясында Жүсіпбек Аймауытов бастап жазған өлең мен ұйқасты проза тілінде жазылған шығармалар дәстүрін кейін жоғалтып алған сияқты едік. Оны Мұхтар, Ғаббас, Әбділда сияқты қаламгерлер пайдаланған. Солармен бірге кеткендей болған осы көркемдік үлгінің Әбіш пьесасымен қайта тірілгендігі қуантады. Тумысында шешен, дау мен тартыстардың бәрінде билердің тіліне сүйенген диалог, монолог бүкіл қазақтың рухынан туындайтын еді, Әбіш осыны тірілтті, әдемі жаңартты деп білеміз»[3].

«Қазіргі қазақ драматургиясы – қазақтың ХХ ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы» [4, 32] – деп драматургияны зерттеуші жас ғалым Г. Каримова С.Қирабаев пікірін одан әрі тиянақтай түседі. Драматургия заңдылығын зерттеуші ғалымдар бір ауыздан Ә.Кекілбаевтің ХХ ғасыр басындағы классикалық әдебиетті жалғастырушы қызметіне назар аударып отыр.

Тарихи тақырыпқа арналған драмалық дастанда кейіпкерлерді бейнелеу ракурсы, сценалық әрекеттердің лирикалық бояуы, ойрат тайшылары мен қазақ батырлары, қазақ сұлтандарының сезімі, жан сарайы сахна шарттарына сай, көрермендердің қабылдауына ыңғайластырыла берілген, көрерменді бей-жай қалдырмайды.

Драматург драмалық дастанда қазақ халқы өмірінің сан алуан қырларын үлкен шеберлікпен көрсеткен. Оған Ә.Кекілбаевтың әлем әдебиетіндегі драматургияның классикалық үлгілерін оқып, аудару арқылы шеберлік мектебінен өткендігі дау тудырмаса керек.

Драмада өмірдегі ақ пен қараның, сезім мен сананың, жан мен тәннің қалауы арасындағы мәңгі бітпейтін арпалыс суреттеледі. Абылай осынша сынақтың бәрінен сүрінбей өтіп, өзінің хәм қазақ халқының тағдырын пәле-жаладан аман сақтап қалады.

Драматизм негізінен кейіпкерлердің тек пікір қайшылығынан, дауласуынан тұрмайды. Пікір қайшылығы барысында кейіпкерлердің өзара жанды, буынсыз тұстарына соққы тиіп, соның нәтижесінде ақыр соңында мінездегі қарама-қарсылықтардан олардың бір-біріне деген жаңа қарым-қатынастар орнатуынан туындайды. Бұл орайда мәтіндегі драматизм қызметі туралы, драматизмнің берілу тәсілдері туралы белгілі ғалым Т. Есембеков пікірлері негізінде топшылаулар жасалыныды [5, 47].

«Ал драмалық әрекет шығарма кейіпкерлерінің ішкі және сыртқы қақтығысынан туындайды» [6, 54]. Адамның өз-өзімен не белгілі жайттармен қақтығысы психологиялық тұрғыда өрбиді. Сол сияқты өмірлік маңызы бар мәселелерді талқылауда, мақсат-міндеті мен пайым-көзқарасын танытуда

эмоциялық күйге түседі. Сезім мен парыз қатар келуі, адам мінезі мен қоғамдағы орны алшақ болуы, қиындықтарды жеңу арқылы тұлғаның өсуі және т.б. қайшылықтар жеке адамды әуре-сарсаңға түсіреді. Парызды орындаса, жеке өмірінде бақытсыз болуы мүмкін. Ал сезімге ырық бергенімен, келешекте бақытты боларына кепілдік жоқ. Себебі саналы адам парызын орындамағанын ойлап, өзін кінәлайды, бақытсыз күй кешеді.

Драмалық дастандағы негізгі сезім Абылай хан қандай қиын жағдайда да, тұтқында отырса т.б. қиын жағдай, сын сағаттарда да адамшылықтан ауытқымайды. Ботаханның қолына кісен салып қамадың, Жақайды «ат көтіне өңгеріп» аулына айдап салды деп қалың елі ханды қыспаққа алады. Абылай хан орыс елшісін де, қытай елшісін де, ойрат, дүрбіт, Қокан, Бұхар, Хиуадан да келген елшілерді де қабылдайды. Абылай хан қандай қиындыққа ұшырамасын, қыспақта қалмасын кісіліктен, биік парасаттан қылдай ауытқымайды.

*Асқақ ұстап алаштың ала туын,  
Ата жауды Алтайдан әрі асырдым.  
Абылайлап Арқадан бір саңқ етсем,  
Тиылып еді қайда дау, ала сүргін.  
Әттең, дүние-ай, дәуренім келте болды-ау!  
Бақыт құсы басыма ерте қонды-ау!  
Желілдеген жел көңіл бермеді опа,  
Іште кетер арманым – қайран елім,  
Қайта көрер болды ғой жәбір-жапа...*

Елдің мазасыздығы, шаруадан гөрі той тойлауға құмарлығы Абылай ханды ойландырады. Ханның сөздері мен толғамдары, психологиялық тартыс пен көркемдік шешім шынайылығымен көрерменді түрлі ойларға жетелейді. Мысалы,

*Жау сағынады,  
Дау сағынады.  
Тыныштықтан іштері пысады,  
Шаруаға құнттары жоқ.  
Той жасауға – әйелдері күнде бір ұл таппайды.*

Драмалық дастан композициясында алуан түрлі, күрделі оқыс өзгерістерге толы; оқиғалардың дамуы, шиеленісуі драма талаптарына сай. Драмалық дастанда сценалардың өзгеруі кинокартина сияқты жылдам өзгеріп отырады.

Драмалық дастанда бүкіл адамзаттық мәні бар адамгершілік мәселелердің шешімінде, жеке тұлға тағдырын, тарихи қақтығыстарды, коллизияларды ұғуда классиктердің тәжірибесіне қаламгердің иек артқанын аңғару қиын емес. Үлкен идеялар жолында халыққа қызмет еткен ұлылар тағдыры, данышпан, ұлт көсемі, әскери қолбасшы, батыр Абылай хандай тұлғаның тағдыры, Кенесары ханның әкесі Қасым сұлтанды дүниеге әкелген Топыш ханым тағдыры драматург Ә. Кекілбаевты белгілі роман, повестеріндегі белгілі, тарихи тұлғалардан кем толғандырмайды.

Ә.Кекілбаев «Абылай хан» халықтық-қаһармандық драмалық дастанын жазуға үлкен дайындықпен, зор тәжірибемен келгені белгілі. Жазушы «Үркер», «Елең-алаң» романдарын жазу барысында тарихи тұлғаларды бейнелеудің тәжірибесінен өтті. Сонымен бірге, ең алдымен ұлы жазушыда ұлы адамдарды жазуға деген құштарлық болғандығын байқау қиын емес. Екіншіден, жазушының бұған дейінгі прозалық шығармалары шиеленіске толы оқиғаларға, кейіпкерлердің өзіндік болмысын ашатын тілдік бірліктерден тұратын драматизм элементтеріне толы.

Хан қарашаға, қара халыққа жақпаса, өзі берген билігін, тақ пен бағын өзі «хан талапайлап» тартып ала салуы кез-келген уақытта мүмкін нәрсе. Абылай хан өз халқының мұндай психологиясын өте жақсы біледі. Оның:

*Ерлерің жүр есіріп,  
Билерің отыр мысқылдап,  
Төре біткен төбеме ойнақ салып жүр,  
Төрт тараптан түртпектерін көбейтіп?![2, 220].*

Немесе,

*Жат бөгесе – жанын алам,  
Қас бөгесе – қанын алам,  
Ел бөгеп, еңсені түсіріп тұр ғой.  
Дейтіні сондықтан.*

Яғни билік мұнда тұрақсыз. Суреткер осы құбылысты тұрақтандыру үшін келесі қақтығысты өрбітеді. Абылайдан пана тапқан Әмір Сананы Ресей, Жоңғар, Қытай елшілері іздеп, әрқайсысы өз мүдделері үшін сұратып жатыр. Ал Ботахан мен Жақай бастаған сұлтандар оны

*Аса бермей, абайлап сөйле, алдияр,  
Бақ деген бір қу таяқ қой,  
Ол сүйеніш болу үшін де  
Ерен іс керек, ересен құт керек.  
Сонша пәлсінердей, қазақты  
Қандай жарылқай қойып ең.  
Сені тақ мінгізіп тасытса,  
Қазақ тасытқан шығар.  
Тасыын деген екенсің,  
Індігештей Үргенішке сыймай,  
Қашып келген жалаң бұт сарт.  
Енді Сары Арқаға сыймадың ба?  
Қалың қазақ өзі-ақ асар  
Тумай жатып өзің қашқан  
Қанды тұзақ дар ағашқа! [2, 249].*

- дейді.

Дегенмен, «Абылай хан» драмасында автор ұлттық мәселелерді көтерген. Драматург Ә.Кекілбаев тарихымызды айта отырып, пьесаның кейбір тұстарында бүгінгі заманмен астар мән-мағына беруі – пьесаның идеялылығын көрсетеді.

*Жоқ. Басқа жұртқа еңбек керек,  
Біздің жұртқа ермек керек.  
Түркістаннан басқа кенттің  
Бәрін дерлік қайтардым.  
Сауда жасауға арланады,  
Ұзын аққан Есмiл менен Ертістің,  
Көлденең аққан Торғай менен Нұраның,  
Бәрін жаудан босаттым.,  
Егін салуға қорланады,  
Балқаштың бос айдыны,  
Қоғалжын мен Көкшетауда сексен көл,  
Баянтауда Сабынды көл, Шойынкөл,  
Тарбағатайда Зайсан көл –  
Бәрі жатырмөлдiреп,  
Ат суармаса аяқ-қолын салмайды,  
«Балық аулаңдар!» - десем,  
«Бақаны да бақ, дерсің-ау» -деп бұлданады. [2, 221].*

Астарлы сөзбен айшықталған, ойшыл түйінді қорытқан осы монологтар Абылай арманы кешегі шындықты аңғартқанмен, бізге бүгінгідей естіледі. Бүгінгі тәуелсіз елдің ой-мақсаты да жатыр мұнда.

«Сезім мен сана, ерік пен елігу, құштарлық пен парыз, тақ пен ар арасында өрбіген Абылайдың ішкі драмалық тартысында жеңіс әрқашан парыз, жігер, сана, ар жағында болады. Мұндай ізгі

қасиеттерді өз бойына жинақтаған, хандық, елдік принциптерін бірінші орынға қойған хан образы осымен асқақ» [7, 153].

**Қорытынды.** Жазушы Ә.Кекілбаев бұл пьесасы да прозалық шығармалары тәрізді сәтімен дүниеге келген шығарма. Жанр шарттарын толық сақтаған. Жазушы бұл еңбегінде де тарихи тақырыпты жазу шеберлігінің жоғары екенін көрсеткен. *Ақыл мен жүрек, ерік пен сезім, құштарлық пен парыз, билік пен ар арасында үздіксіз дамып отырған Абылайдың ішкі жан дүниесіндегі тартысында жеңіс әрқашан халық алдындағы парыз, жігер, ақыл, ар жағында болады.* Осындай адамдық қасиеттерді өз бойына сіңіре білген, хандық, елдік мұраттарды бірінші орынға қойған хан бейнесі аса биік, асқақ. Сондықтан еліміздің театрларында қойылып келеді. Бұл пьесадағы түрлі бояулар, беймәлім терең астар пьеса мазмұнын байытып тұр. Бұл пьесаға әлі де алдағы уақытта әдебиетті теориялық тұрғыдан зерттеушілер мен өнертанушылар мұқият қараса көп қыртыс ашылары сөзсіз. Сонымен қатар талантты режиссер қолына түссе алдағы уақытта да табысты қойылым жасалары сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 *Өтениязов С. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар || Қазақстан тарихы. №12, 2015 ж.*
- 2 *Кекілбайұлы Ә. 12 томдық шығармалар жинағы, 6 том. – Алматы, Өлке, 1999. – 464 б.*
- 3 *Қирабаев С. Суреткер || «Егемен Қазақстан». №29. 24.07.2009*
- 4 *Каримова Г.С. Қазіргі қазақ драматургиясы және оны оқыту әдістемесі || Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация қолжазбасы. Алматы, 2016ж.*
- 5 *Есембеков Т.У. Функции драматизма в художественном тексте. – Алматы, Қазақ университеті, 2013. – 304 с.*
- 6 *Сұлтанова Б.М. Қазақ драматургиясы және оның сыны(1920 жылдар). – Алматы, 2017 - 208 б.*
- 7 *Солтанаева Е.М. Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» шығармасындағы драматизм табиғаты || ҚазҰУ Хабаршысы. №2, 2015.*

*Referenence:*

- 1 *Öteniazov S. Äbiş Kekilbaev şyğarmalaryndağy tarihi tülğalar || Qazaqstan tarihy. №12, 2015 j.*
- 2 *Kekilbaiuly Ä. 12 tomdyq şyğarmalar jinağy, 6 tom. – Almaty, Öлке, 1999. – 464 b.*
- 3 *Qirabaev S.Suretker || «EgemenQazaqstan».№29. 24.07.2009*
- 4 *Karimova G.S. Qazirgi qazaq dramaturgiasy jäne ony oqytu ädistemesi || Filosofia doktory (PhD) дәrejesin alu üşin daiyndalğan disertasia qoljazbasy. Almaty, 2016j.*
- 5 *Esembekov T.U. Funksii dramatizma v hudojestvennom tekste. – Almaty, Qazaq universiteti, 2013. – 304 s.*
- 6 *Sültanoa B.M. Qazaq dramaturgiasy jäne onyñ syny(1920 jyldar). – Almaty, 2017 - 208 b.*
- 7 *Soltanaeva E.M. Äbiş Kekilbaevtyñ «Abylai han» şyğarmasyndağy dramatizm tabiğaty || QazÜU Habarşysy. №2, 2015.*

**МРНТИ 821.512.122**

*Сұлтанова Б. М. <sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

## **КЕЙІПКЕР ӘЛЕМІ МЕН ОҚЫРМАН ШЫНДЫҒЫ АРАҚАТЫНАСЫ**

*Аңдатпа*

Сіздердің алдарыңызға Мағзұм Тиесов шығармаларына арналған мақала ұсынылып отыр. Бұл мақалада жазушының «Молданың сырқаты», «Кәрі ақынның жас шағы» әңгімелері талданды. Жазушы әңгімелерін талдауда идеялық-көркемдік ерекшелігі айтылады. Шығармаға проблемалық-тақырыптық талдау жасау, жазушы тілі мен стилін анықтау аса маңызды. Мағзұм Тиесовтің «Молданың сырқаты», «Кәрі ақынның жас шағы» әңгімелері – қызық, мазмұнды, сөз өнерінің жақсы үлгілері болып табылады. Автор композиция құруда, әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтауда,